Астана қаласы әкімдігінің
№ 46 «Самал» санаториялық балабақшасы КММ
ХАТТАМА № 1

Мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пунктке тіркелген ата-аналар мен балалар туралы мәлімет. Күзгі кезеңде консультациялық пунктке **5 ата-ана мен 5 бала** келді.

Айы	Ата-аналар саны	Балалар саны	Барлық келулер саны	Негізгі сұраныстар
Қыркүйек	3	3	3	Біздің балабақшаға жолдаманы қалай алса болады?
Қазан	1	1	1	Балабақшаға бейімделу бойынша
Қараша	1	1	1	Ваучер бойынша

- Балалардың жас топтары: ерте жас (3 жасқа дейін) — 1 ; ортаңғы/ересек жас — 1 ; Мектепалды 5 жас — 1;.
- Жүгіну форматы: күндізгі (бетпе-бет) кездесулер — 5.

1. Ата-аналармен және балалармен жүргізілген жұмыстар:

- Балабақша медбикесі біздің балабақша санаториялық үлгідегі мектепке дейінгі ұйым болғандықтан, балаларды қабылдау медициналық көрсеткіштер негізінде жүзеге асырылады. Сол себепті балабақшаға орналасу үшін міндетті түрде дәрігердің (фтизиатрдың немесе учаскелік педиатрдың / ДКК — дәрігерлік-консультациялық комиссияның) арнайы медициналық жолдамасы қажет.
- **Мамандардың жеке консультациялары:** 5 кездесу өткізілді. Ата-аналарға балалардың жас ерекшеліктері, бейімделу, сөйлеу және танымдық дамуы, эмоционалдық күйзелістің алдын алу және жас дағдарыстарын еңсеру мәселелері бойынша түсіндірмелер берілді.
- **Бала мен ата-анаға арналған бірлескен дамытушы және диагностикалық сабақтар:**
- 5 кездесу өткізілді. Мамандар ата-аналарға үйде баламен өзара әрекеттесудің ойын тәсілдерін көрсетті.
- Ақпараттық-ағартушылық қолдау: нәтижелерді үйде бекіту үшін ата-аналарға жадынамалар, буклеттер және ойындар жинағы дайындалып, материал табысталды.

2. Ұсыныстар:

- Ата-аналарға арналған ұсыныстар: гаджеттерсіз бірлескен ойындарға тұрақты түрде уақыт бөлу, күн тәртібін сақтау және мамандардың жеке ұсыныстарын орындау.